



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, I

Ерекше құқықтық статусы бар
территориялар



Мандатпен басқарылатын және қамқорлықтағы аумақтар

Бірінші Дүниежүзілік соғыстан кейін, яғни Ресей империясы күйреп және Антанта қарсыластары жеңіліс тапқаннан кейін Одақтас мемлекеттерге жеңілген тараптың территорияларын реттеудің бірыңғай жүйесін қалыптастыру қажет болды. Бұл мәселені аннексиясыз шешу керек еді. Әйтпесе, одақтас мемлекеттер территорияларды өзара әділ бөлісе алмаушы еді. Бұл басқа бір қақтығыстарға алып келер еді. Осыған байланысты «осы жерлерде өмір сүретін халықтардың игілігі мен дамуы үшін өркениетке қасиетті қамқорлық жасау» ұстанымы алға озды. Бұл принципке сәйкес ресурсқа бай, тәжірибесі мол әрі географиялық позициясы тиімді алдыңғы қатарлы мемлекеттер өздеріне қамқоршы ретінде жауапкершілік алады. Аталған механизм Ұлттар Лигасының мандаты негізінде және сол ұйым атынан жүзеге асырылды.

Бұл территорияларда әскери базалар салуға тыйым салынды. Ұлттар Лигасы берген мандат жеңімпаз елдерді мандатпен басқарылатын аумақтардың халқына қатысты белгілі бір шарт-талаптарды сақтауға міндет қояды. Мысалы, ішімдік сату, жергілікті жұрттан әскер жасақтауға қатаң тыйым салынды.

Екінші Дүниежүзілік соғыс аяқталған соң мандаттық жүйе Біріккен Ұлттар Ұйымына ауысты. Біріккен Ұлттар ұйымы Жарғысының 7 және 8-бөлімдеріне сәйкес қамқорлық аясындағы аумақтарды басқаруды бақылау жүйесі жасалды. Бұл жүйені Біріккен Ұлттар ұйымының басты органдарының бірі – Қамқорлық кеңесі жүзеге асырады. Дегенмен бір қараған кезде халықаралық қамқорлыққа алынуы тиіс кейбір территориялар басқаша басқарыла бастады. Мысалы, Жапонияның Тынық мұхитындағы стратегиялық маңызы бар бұрынғы арал аймақтары Қамқорлық кеңесіне емес, Біріккен Ұлттар ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің басқаруына берілді. Бір кездері мандатқа ие болған Оңтүстік Африка өзінің мандатпен басқарылатын аумақтарын халықаралық қамқорлық жүйесіне беруден бас тартты. Мұндай елдер мандатпен басқарылатын территорияларға өздерінің егемендігін таратты, соның салдарынан халықаралық аренада ондаған жылдар бойы дау тудырды.

Тынық мұхитындағы қамқорлыққа алынған территорияларға келсек, АҚШ Солтүстік Мариана аралдарымен, Маршал аралдары және Микронезия федеративті Штаттарымен еркін қауымдастық жөніндегі шартқа қол қойды. 1986 жылы күшіне енген осы шарттарда қамқорлық жасау тоқтайтыны айтылды. Осылайша, аталған аумақтар АҚШ-пен саяси одақ құрды. Қамқорлық кеңес, өз кезегінде, бұл процедураны өзін-өзі анықтау принципінің заңды көрінісі ретінде қабыл алды.

Жоғарыда аталған аралды аумақтардан бөлек, АҚШ Палаумен еркін қауымдастық жөніндегі шартқа қол қойды. Алайда бұл халықаралық шарт күшіне енбей қалды. Себебі Палау сулары және әуе кеңістігі арқылы атом теңіз және әуе кемелерінің транзиті жөнінде келіспеушілік орын алды. Осыған байланысты АҚШ қамқорлыққа алынған территорияның әкімшісі ретінде жұмысын жалғастыра берді. Бірақ мәселе ақыры шешімін тапты. Палау 1994 жылы 1 қазанда қамқорлыққа алынған территориялардың ішінде соңғы болып тәуелсіздігін алды.

Африка құрлығындағы проблема басқаша жолмен шешімін тапты. Бірінші Дүниежүзілік соғыстан кейін Оңтүстік-Батыс Африка мандатпен басқарылатын территория ретінде танылып, оның мандатарийі (яғни мандат иеленушісі) Оңтүстік Африка болғаны белгілі. Бірақ Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Оңтүстік Африка аталған аймақты Қамқорлық кеңесіне беруден бас тартты. Дауды шешу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық сотына жүгінді және аталған халықаралық сот органы 1950 жылы Оңтүстік Батыс Африканың халықаралық статусы (International Status of South West Africa) туралы Кеңестік пікірін жариялады. Аталған заңдық қорытындыда Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы Оңтүстік Африкаға мандатпен басқарылатын территорияны халықаралық қамқорлық жүйесіне беруге қандай да бір міндеттеме жүктемейтіні анық жазылды. Алайда Оңтүстік Африка Ұлттар Лигасының Жарғысына сәйкес мандаттық келісімнің барлық шартын сақтап, өз міндетін адал атқаруы тиіс еді.

Осылайша сот, Оңтүстік Африка мандатты территорияның халықаралық статусын өз бетінше өзгертуге және оны өзінің егемендігіне бағынышты қылуға құқықтық қабілеті жоқ деп атап өтті. Халықаралық соттың пікірінше, бұл құзірет тек Ұлттар Лигасының құқықтық мүрагері – Біріккен Ұлттар Ұйымының келісімен ғана жүзеге асады. Бұдан шығатын қисынды қорытынды: Біріккен Ұлттар Ұйымының мандатпен басқарылатын территориялардан өтініш



берушілердің талап-арызын тыңдау құқығы болды.

1962 жылы Эфиопия мен Либерия Оңтүстік Африкаға қарсы Халықаралық сотқа талап арыз берді. Ұлттар Лигасына мүше екі ел Оңтүстік Африка мандат келісімі талаптарын орындамау арқылы халықаралық құқықты бұзып отыр деп шағымданды. Испен алғаш рет танысқан кезде Халықаралық сот оны қарауға юрисдикциясы бар деген қортындыға келді. Алайда істі тергеудің екінші сатысында Сот Эфиопияның да, Либерияның да дауға қатысты еш заңдық мүддесі жоқ дей келіп, олардың талаптарын қабылдамай тастады.

1966 жылдың қазан айында Бас Ассамблея Оңтүстік Африка өз міндетін орындамағандықтан, мандаты тоқтатылуы тиіс деп шешті. Резолюцияда одан әрі Оңтүстік-Батыс Африка (немесе қазіргі атауымен Намибия десек те болады) Біріккен Ұлттар Ұйымының тікелей жауапкершілігіне берілуі тиіс деп жазылды. Осыған сәйкес территорияны бақылаушы Кеңес құрылып, Жоғарғы комиссар тағайындалды. Қауіпсіздік кеңесі бірнеше резолюцияда Ассамблеяның әрекетіне қолдау білдірді және Оңтүстік Африканы территориядан өз әкімшілік күштерін қайтарып алуға үндеді. Сондай-ақ, басқа елдерді Оңтүстік Африкамен Намибияға қатысты мәселеде ынтымақтастықтан аулақ болуға шақырды.

Одан кейін Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық соты Қауіпсіздік кеңесінің сұрауымен тағы бір консультативтік сипаттағы тұжырымдасын жасады. Онда «Оңтүстік Африканың Намибияда болуы заңсыз» деп нақты мәлімдеді.

1978 жылы Оңтүстік Африка Намибия тәуелсіздігі туралы бес батыс елі (яғни Ұлыбритания, АҚШ, Франция, Канада және Батыс Германия) әзірлеген ұсынысты қабылдайтынын жария қылды және тек 1990 жылы ғана біраз дау шешімін тапқан соң, Намибия тәуелсіздігін алды.

Германия, 1945 жыл

1945 жылы маусым айында Германия жеңіліс тапқаннан кейін Одақтас күштер Германияға абсолют (анық) үстемдік орнатты, бірақ аннексия туралы ойларынан ашық бас тартты. Германия төрт оккупациялық аймаққа бөлінді. Берлинді төрт билік бақылауында ұстап отырды. Төрт мемлекеттің қатысуымен құрылған Басқарушы кеңесі Германия атынан әрекет етті және міндетті заңдық келісімдерге қол қоюға құқықтық қабілеті болды. 1952 жылы үш батыстық мемлекет Германия Федеративті Республикасына толық тәуелсіздігін берді. 1949 жылы 7 қазанда жылы КСРО өз оккупацияланған территориясында Германия Демократиялық Республикасының негізін қалады. 1972 жылы екі мемлекет – Германия Федеративті Республикасы мен Германия Демократиялық Республикасы бірін-бірі егеменді ел ретінде таныды.

Совет Одағы құлағаннан кейін Германия бірікті. 1990 жылы Германияның экономикалық, қаржы және әлеуметтік Одағы туралы шартқа қол қойылды. Ол өз күшіне 1 шілдеде енді. Сол жылдың 31 тамызында Ассоциация туралы шартқа қол қойылды. Ол бойынша Германия Демократиялық Республикасы Германия Федеративті Республикасына қосылды, ал Берлин жаңа мемлекеттің астанасына айналды. Сөйтіп, сыртқы қатынастарға Германияға қатысты дауды біржола шешу туралы келісім арқасында нүкте қойылды. Бұл шарт екі неміс мемлекеті және төрт одақтас мемлекет (Ұлыбритания, АҚШ, КСРО және Франция) арасында жасалды. Аталған халықаралық шартқа сәйкес, Германия Польшамен арадағы бұрыннан бар шегараны бұзбауға, қарулы күштерді 370 мың адамға дейін шектеуге, сондай-ақ, ядролық, химиялық және биологиялық қарулар иеленбеге міндеттеме алды.

Кондоминиум

Халықаралық құқықтағы кондоминиум бойынша екі немесе одан да көп мемлекеттер белгілі бір территорияға және өз ондағы халыққа өз суверенитетін (яғни егемендігін) тең мөлшерде жүргізеді. Егемендігін жүзеге асыратын мемлекеттердің арасындағы қарым-қатынас, сол территорияда таралатын егемендікті анықтау және оған қатысы бар құзіреттер туралы әртүрлі пікірталас бар.



Жаңа Гебрид аралына қатысты іс жақсы мысал бола алады. Бұл аралда 1906 жылдан 1980 жылға дейін Ұлыбритания мен Франция бірлескен колониалдық билік жүргізді. Англо-Француздық келісімде екі елдің әрқайсысы өз егемендігін өз азаматтарына таратты және территорияға жеке-дара билік жүргізуге құқы болмады. Екі ел арасындағы территорияны бірлесіп басқару жөніндегі жағдайды оңтайлы шешу үшін кондоминимум үкіметінің құзіреті мен қызметтерін бекітетін арнаулы Протокол дайындалды. Осылайша ортақ ереже жасалды. Жұмысты атқару үшін ағылшын және француз тарапынан Жоғарғы комиссар тағайындалды. Бір жерде үш мемлекеттік жүйе қатар өмір сүрді. Үшінші тарап дегеніміз – жергілікті тұрғындар, аборигендер. Олар жер иелену және өзара келісімдер құқығы бойынша құқықтық вакуумда қалып қойды. Себебі кондоминимум шартында бұл мәселелер нақты бекітілмеген еді.

Жаңа Гебридтің тәуелсіздікке қол жеткізу процедурасы бұл аралдардың кондоминимум ретіндегі бірегей мәртебесіне жақсы мысал. Малколм Шоудың жазуынша, бұл мәселе бойынша Тәуелсіздік актіні Ұлыбританияда шығару дұрыс қадам болмады, себебі аралдар Британияның колониясы болған жоқ.

Оның кондоминимум ретіндегі құқықтық статусы халықаралық шартпен ратификацияланған, сәйкесінше, оның Жаңа Гебридтің тәуелсіздігі де сол тәртіппен танылуы тиіс. Кондоминимумның табиғаты бойынша шешім әрдайым екі мемлекет қабылдауы керек. Біржақты әрекеттер негізгі конституциялық құжаттарда бекітілмеген.

1980 жылы 30 маусымда аталған территория Вануату мемлекеті ретінде тәуелсіз елге айналды. Оған дейін екі мемлекеттің күшімен қалыптасқан әкімшілік құрылым жаңа мемлекеттің әкімшілік ұйымына айналып шыға келді.

Малколм Шоудың пікірінше, Вануату үкіметінің жаңа үкіметі бұрынғы кондоминимум құрылымынан қатты айырмашылығы бар деп айту қиын. Оның ойынша, жаңа мемлекеттік аппарат белгілі бір құзіреттерді бөлу арқылы бірлескен агенттік принципімен құрылған.

Кондоминимумның тағы бір мысалы – Фонсек шығанағы. 1917 жылы Орталық Америка Соты Фонсек Шығанағын кондоминимум деп шешті. Ол жерде үш мемлекет – Никарагуа, Эль Сальвадор және Гондурастың басқару құқығы бар. Тараптар соттың шешімімен келіспегендіктен, іс Біріккен Ұлттар ұйымының Халықаралық сотында қаралды. Дау Фонсек шығанағындағы аумақтық суларына қатысты еді. Шығанақ – құрлыққа сұғына еніп жатқан мұхиттың бір бөлігі. Жан-жағындағы құрлықта үш мемлекет орналасқан. Сол себепті, 3 миль шегіндегі әр елдің аумақтық сулары бір-біріне қабаттасып жатыр. Осыған байланысты «Фонсек шығанағына кімнің егемендігі таралады?» деген заңды сұрақ туындайды. Халықаралық сот Фонсек шығанағының тарихи және географиялық маңызын ескере отырып, бұл территорияда үш мемлекеттің бірлескен егемендігі бекітілуі тиіс деген шешімге келді.

Территориялардың халықаралық әкімшілігі

Арнаулы статусы бар территориялар тақырыбы аясында Малколм Шоу Тайвань (Қытай Республикасы), Солтүстік Кипр Республикасы, Сахара Араб Демократиялық Республикасы және Палестинаға бөлек тоқталып өтеді. Олардың халықаралық құқықтық субъектілігінің ерекшелігі сол – олар бір жағынан егемен мемлекет ретінде қаралса, екінші жағынан көптеген мемлекеттер оларды мойындамайды. Тарихи һәм саяси факторлар салдарынан бұл аумақтар қазіргі дейін даулы болып есептеледі.

Бұдан бөлек, Малколм Шоу ағылшын заңгер-құқықтанушы ретінде Ұлыбритания сияқты батыс елдеріне назар аударып, олардың халықаралық аренадағы позициясына тоқталады.

Алайда Қазақстанның сырты саясатының өз жолы бар. Мысалы, Қазақстан Қытай Республикасын (Тайваньды) мойындаған жоқ және онымен ешқандай халықаралық қарым-қатынасқа түспеді. Десе де, Қытай Республикасын әлемде 18 ел мойындаған. Ал көптеген елдер оның егемендігін мойындамаса да, тығыз әріптестік орнатты. Мысалы, Біріккен Корольдіктер тығыз мәдени, экономикалық байланыс орнатты, әрі осы территориядағы дипломаттар іс жүзінде елшілік қызметін атқарады.

Ал Солтүстік Кипрге қатысты айтар болсақ, 1983 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің №541 резолюциясы қабылданған еді. Осы құжатқа сәйкес Солтүстік Кипр Түрік



Республикасының тәуелсіздік декларациясы заңсыз деп жарияланды. Бұдан бөлек, 2001 жылы Кипрдің Түркияға қарсы ісінде Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот халықаралық қауымдастық Солтүстік Кипрдің тәуелсіздігін мойындамайды, тек Кипр Республикасы ғана біртұтас Кипрдің жалғыз заңды билігі болып табылады деген қорытындыға келді. Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын Ислам Ынтымақтастық Ұйымы Солтүстік Кипрге бақылаушы статусын беріп, бұл территорияны федералды мемлекеттің бір бөлігі ретінде таныды.

Сахара Араб Демократиялық Республикасының жағдайы тіптен қызық. 1976 жылы ақпан айында Батыс Сахараны мароккалықтардың бақылауынан азат ету үшін соғысып жатқан Полисарио азаттық қозғалысы тәуелсіз әрі егеменді Сахара Араб Демократиялық Республикасын (САДР) жариялады. Кейінгі жылдары көптеген елдер жаңа құрылымды таныды, оның ішінде Африка бірлігі Ұйымы, қазіргі Африка одағы да болды. 1982 жылы Африка бірлігі одағының Бас хатшысы САДР-ға ұйымға мүше қылуға талпынды. Алайда бұған қарсы 19 мемлекет бойкот жариялап, Африка елдерінің халықаралық қатынасында дағдарысқа әкеліп тіреді. Десе де, Марокконың ұйымнан шығу туралы мәлімдемесіне қарамастан, 1984 жылы Африка бірлігі Одағы мемлекет және үкімет басшыларының ассамблеясы САДР делегациясына ұйымнан орын беруге келісім берді. Бір жағынан Африка Республикалары Ұйымының әрекетін САДР-дың мемлекеттілігін мойындау деп қабылдауға болады. Екінші жағынан, САДР-ды тек осы негізге сүйеніп, егемен мемлекет ретінде мойындау территорияны тиімді басқару талап-шарттарының рөлін төмендетеді.

Бұл мәселе әлі де даулы, САДР-дың белгілі бір аумағы әлі Марокко бақылауында болғандықтан шығар, соғыс қимылдары жалғасып жатыр. Айта кету керек, 2002 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының заң кеңесшісі Батыс Сахара өзін-өзі басқара алмайтын аумақ ретінде қалып отыр деген пікір айтты. Бұдан бөлек, Батыс Сахара халқының мүддесін бұза отырып жүргізіліп жатқан кен орындарын барлау, өндіру халықаралық құқықты бұзу деп саналады.

2000 жылы Еуропалық сот пен Марокко арасында Ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойылды. Осы сәттен бастап Полисарио азат етуші қозғалысы аталған халықаралық шарттың заңдылығына қатысты уәж айта бастады, өйткені Марокко ол шартты Батыс Сахара аумағында қолданған жоқ. 2010 жылы Еуропа Одағының Кеңесі алдыңғы халықаралық шартқа сүйене отырып, Мароккомен сауда келісімін мақұлдады. Алайда 2015 жылы Еуропалық сот жалпы юрисдикция бойынша Еуропалық Одақ Кеңесінің шешімінің жартылай күшін жою туралы шешім қабылдады. Атап айтқанда, сауда келісімінің Батыс Еуропаға қатысты бөлігінің күшін жойды.

Мемлекеттер Ассоциациясы

Малколм Шоу мемлекеттердің әртүрлі формадағы бірігуін ассоциация деп атайды. Халықаралық құқықтық субъектілігі бар халықаралық ұйымдар да, халықаралық құқықтық субъектілігі жоқ бірлестіктер мен ұйымдар да осындай ассоциация бола алады.

Дегенмен олар әртүрлі деңгейде халықаралық құқыққа белгілі бір ықпалын тигізеді. Мысалы, Конфедерациялар аясында мемлекеттер халықаралық шарттар негізінде біріп, белгілі бір институттар құрады және оларға шектеулі қызметтер жүктейді.

Бұдан басқа, ассоциацияланған (яғни қауымдасқан) елдер бар. Бұл мемлекеттер өздерінің шағын аумағы мен шабаң дамуы салдарынан басқа мемлекеттермен қауымдасуға (ассоциация құруға) мәжбүр. Мысалы, Кук аралдары мен Жаңа Зеландиямен ассоциацияланған.

Малколм Шоудың айтуынша, Ұлттар Достастығы (Британ достастығы) Жер бетіндегі ең әйгілі Еркін ассоциация болып табылады.

Бұл ассоциация Ұлыбритания мен оның бұрынғы доминиондарының тарихи байланысы мен ортақ мақсаттарына негізделген. Достастық өз мүшелеріне қандай да бір заңды міндеттемелер жүктемейді. Бірақ әртүрлі мәселелер талқыға түсетін өте ыңғайлы және тиімді платформа. Дегенмен Достастық аясында пайда болған түрлі институттар қарқынды даму үстінде, олардың кейбіреуі тараптарға міндетті шешімдер қабылдап жатады. Бұл өз кезегінде осы институттардың халықаралық құқықтық субъектілігі туралы мәселені көтереді.



Сұрақтар

1. Мандатпен басқарылатын және қамқорлықтағы аумақтардың айырмашылықтары қандай?
2. Қамқорлық Кеңесінің механизмі территориялардың халықаралық әкімшілігінен несімен ерекшеленеді?
3. Бірнеше мемлекет бір территорияға юрисдикциясын қалай жүргізеді?

Әдебиеттер

1. A. Cassese, *Self-Determination of Peoples*, Cambridge, 1995.
2. J. Crawford, *The Creation of States in International Law*, 2nd edn, Oxford, 2006.
3. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М. *Международное право. Общая и особенная части: Учебник*. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. Стр. 47-64.
4. Кулжабаева Ж.О., *Международное публичное право. Общая и Особенная части*. Алматы: Юридическая литература, 2006. Глава 4.
5. M. Shaw, *International Law*, p.176-193.